

Қалмағанбетов Жағыпар

1924 жылы 1 сәуірде Қостанай облысы Аманкелді ауданы Жаңа ауыл ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1942 жылы Торғай АӘК-нан әскерге шақырылып, 331- атқыштар дивизиясының, 1229- атқыштар полкінде бөлімше командирі болған. II Украина майданында соғысып, Венгрияны, Польшаны азат етуге қатысқан. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Гвардия» төсбелгісімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. 1944 жылы жараланып, елге оралған. Елге келген соң аудан мекемелерінде қызметтер істеген. 2006 жылы қайтыс болған.





